

Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2014 жылғы 28 наурыздағы № 73 "Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамыту, мал шаруашылығы өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды субсидиялау көлемдерін бекіту туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облыстық әкімдігінің 2014 жылғы 27 қазандағы № 346 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 13 қарашада № 2884 болып тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2015 жылғы 1 сәуірдегі № 85 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 01.04.2015 № 85 қаулысымен.

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27 бабының 2 тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылдың 18 ақпанындағы № 103 қаулысымен бекітілген Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығы өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды жергілікті бюджеттерден субсидиялау қағидаларының 5 тармағына сәйкес, Оңтүстік Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2014 жылғы 28 наурыздағы № 73 «Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамыту, мал шаруашылығы өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды субсидиялау көлемдерін бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2597 нөмірімен тіркелген, 2014 жылы 16 сәуірде «Оңтүстік Қазақстан» газетінде жарияланған) қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулының 1, 2 қосымшалары осы қаулыға 1, 2 қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. «Оңтүстік Қазақстан облысының ауыл шаруашылығы басқармасы» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының Оңтүстік Қазақстан облысының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялануын;

2) осы қаулының Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің бірінші орынбасары Б.С.Оспановқа жүктелсін.

Облыс әкімі

А.Мырзахметов

« К Е Л І С І Л Д І »

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

А у ы л ш а р у а ш ы л ы ғ ы м и н и с т р і

----- А . С . М а м ы т б е к о в

«28» қазан 2014 жыл

Б . О с п а н о в
Б . Ж ы л қ ы ш и е в
А . Б е к т а е в
С . Қ а н ы б е к о в
Е . С а д ы р
С . Т ұ я қ б а е в
А . А б д у л л а е в

Р. Исаева

Облыс әкімдігінің 2014 жылғы
27 қазанындағы № 346 қаулысына
1-қосымша

Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды субсидиялар көлемі

№	Субсидиялау бағыты	Өлшем бірлігі	Субсидияланатын көлем
Ірі қара мал шаруашылығы			
	Жеке қосалқы шаруашылықтардағы ірі қара малдың аналық мал басын қолдан ұрықтандыруды ұйымдастыру	бас	174 318
Етті бағыттағы ірі қара мал шаруашылығы			
1.	Асыл тұқымды және селекциялық жұмысты жүргізу		
1)	тұқымдық түрлендірумен қамтылған ірі қара малдың аналық мал басы	бас	27 367
2)	асыл тұқымды ірі қара малдың аналық мал басы	бас	1 831
3)	жалпы табындарда етті бағыттағы тұқымдық бұқаларды күтіп-бағу	бас	142

2.	Асыл тұқымды және селекциялық ірі қара малды сатып алу		
1)	отандық асыл тұқымды ірі қара мал	бас	1 696
2)	импортталған асыл тұқымды ірі қара мал (Австралиядан, АҚШ-тан және Канададан)	бас	191
3.	Сүтті бағыттағы ірі қара мал шаруашылығы		
1)	импортталған асыл тұқымды ірі қара мал (Австралиядан, АҚШ-тан, Канададан)	бас	381
Жұмыртқа бағыттағы құс шаруашылығы			
4.	Ата-тектік, ата-енелік нысандары бар отандық асыл тұқымды құс фабрикаларынан асыл тұқымды жұмыртқаларды сатып алу		
1)	асыл тұқымды жұмыртқа (ақырғы)	дана	900 190
Шошқа шаруашылығы			
5.	Асыл тұқымды шошқаларды сатып алу	бас	3 000
Қой шаруашылығы			
6.	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстарды жүргізу		
1)	тұқымдық түрлендірумен қамтылған аналық қой басы	бас	226 200
7.	Асыл тұқымды тоқтылар мен тұсақтарды сатып алу	бас	18 000
8.	Асыл тұқымды жылқыларды сатып алу	бас	200
9.	Асыл тұқымды түйелерді сатып алу	бас	200

Облыс әкімдігінің 2014 жылғы
27 қазанындағы № 346 қаулысына
2-қосымша

Мал шаруашылығы өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды субсидиялар

№	Субсидиялау бағыты	Өлшем бірлігі	Субсидияланатын көлем
	Ірі қара мал шаруашылығы		
1.	Сиыр етін өндіру үшін мал азығы құнын арзандату		
1)	2 деңгей	тонна	1 000
2)	3 деңгей	тонна	2 455,816
2.	Сүт өндіру үшін мал азығы құнын арзандату		
1)	3 деңгей	тонна	8 500
	Етті бағыттағы құс шаруашылығы		

3.	Құс етін өндіру үшін азық құнын арзандату		
1)	3-деңгей	тонна	2 175
2)	күрке тауық еті	тонна	5 980
	Жұмыртқа бағыттағы құс шаруашылығы		
4.	Тағамдық жұмыртқа өндіру үшін азық құнын арзандату		
1)	2 деңгей	мың дана	120 000
	Шошқа шаруашылығы		
5.	Шошқа етін өндіруге арналған азық құнын арзандату:		
1)	шошқа еті	тонна	900
	Қой шаруашылығы		
6.	Мыналарды өндіру үшін азық құнын арзандату:		
1)	қой еті	тонна	800
2)	биязы жүн	тонна	92,308
	Жылқы шаруашылығы		
7.	Мыналарды өндіру үшін азық құнын арзандату:		
1)	жылқы еті	тонна	400
2)	қымыз	тонна	600
	Түйе шаруашылығы		
8.	Мыналарды өндіру үшін азық құнын арзандату:		
1)	түйе еті	тонна	181,040
2)	шұбат	тонна	1063,753